

Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу" қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 142/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 32315 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы беріліп отырған "Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу" қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Электрондық өнеркәсіпті және цифрлық активтер индустриясын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң

департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 142/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 13.09.2023 № 404/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – аккредиттеу жөніндегі органның сәйкестікті бағалау саласындағы белгілі бір жұмыстарды орындауға өтініш берушінің құзыреттілігін ресми тану рәсімі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша алып тастау көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары –

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – мемлекеттік сервис) – дербес деректер субъектісінен дербес деректерді жинауға, өңдеуге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге келісім алуды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілеріндегі дербес деректерге қол жеткізу кезінде меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, үшінші тұлғалардың дербес деректер субъектісімен және уәкілетті органмен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет;

4) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, заңды тұлғалар;

5) өтініш – әкімшілік рәсімге қатысушының өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу туралы өтінішхатын қамтитын өтініш нысандарының бірі;

6) цифрлық активтер саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – цифрлық активтер саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) цифрлық майнингтік пул – Қазақстан Республикасының цифрлық активтер туралы заңнамасына сәйкес аккредиттелген, цифрлық майнерлердің цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенінің қуаттарын біріктіру қызметін ұсынатын, цифрлық майнерлердің бірлескен қызметінің нәтижесінде пайда болған (жасалған) цифрлық активтерді олардың арасында бөлуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақ 9) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу тәртібі

3. Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Цифрлық майнингтік пул бір жыл мерзімге аккредиттеледі.

4. Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады:

1) цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің Қазақстан Республикасының аумағында нақты орналасуы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) ақпараттық қауіпсіздік талаптардың сәйкестігіне сынақтардың оң нәтижесі бар сынақтар актісінің болуы;

3) Қазақстан Республикасының өзге елді мекенінде (астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалада, аудандық маңызы бар қалада) орналасқан кемінде бір резервтік аппараттық-бағдарламалық кешеннің болуы;

4) цифрлық майнингтік пулдың (негізгі және резервтік) аппараттық-бағдарламалық кешенінің әрқайсысын байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушілерден (провайдерлерден) бөлінген екі байланыс арнасымен қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) ақпараттық жүйеде техникалық қолдау қызметінің цифрлық майнингтік пулдың және клиенттердің тәулік бойы жұмыс істейтін режимдегі жолданымдарының болуы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) цифрлық майнингтік пулдың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде пайдаланушы интерфейсінің болуы;

7) мемлекеттік сервиспен ықпалдастырылуы.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы өтінішті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) баяндалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) ақпараттандыру объектісі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған кезде "жеке кабинетте" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді немесе кеңсе қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

9 Аккредиттеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға аккредиттеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

10. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жолданады. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

11. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлікті береді не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік

қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының немесе оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

12. Көрсетілетін қызметті алушы цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Тексеру нәтижелері бойынша бас тарту үшін негіздер болмаған кезде ұсынылған құжаттар (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған кезде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылған нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, Қазақстан Республикасында цифрлық майнингтік пулды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, цифрлық майнинг пулы ретінде аккредиттеуге жататын заңды тұлғаның аппараттық-бағдарламалық кешенінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтардың оң нәтижесі бар акт туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына (3) үш жұмыс күні ішінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

17. Көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толығымен қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, әрекет жасаса шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

20. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік актісіне,

әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа пікірмен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынады.

Цифрлық майнингтік пулдарды
аккредиттеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш

Цифрлық майнерлердің цифрлық майнингі үшін аппараттық-бағдарламалық кешен қуаттарын біріктіру қызметін ұсыну, бірлескен қызмет нәтижесінде алынған цифрлық активтерді цифрлық майнерлер арасында бөлуді жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін

_____ аккредиттеуді (қайта ресімдеуді) сұраймын.

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жері:

_____.

(Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің (серверінің) орналасқан жері көрсетіледі) Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. Барлық көрсетілген ақпарат, сондай-ақ қоса берілген құжаттар

сенімді және жарамды болып табылады 20__ жылғы "___" _____. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісемін.

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____.

Цифрлық майнингтік пулдарды

"Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
ЗҚАИ-ның ескертпесі! 2-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.		
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	www.elicense.kz."Е-лицензиялау мемлекеттік деректер базасы" ақпараттандыру объектісі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлік беру – 10 (он) жұмыс күні; цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу – 5 (бес) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлік, Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы қайта ресімделген куәлік не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі	2) портал – тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады), жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда.
ЗҚАИ-ның ескертпесі! 8-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 276/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.		
		1) Кеңсе арқылы цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлік алу үшін: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; Қазақстан Республикасының өзге елді мекенінде (астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалада, аудандық маңызы бар қалада) орналасқан кемінде бір резервтік аппараттық-бағдарламалық кешеннің болуын растайтын хат; цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің әрқайсысын (негізгі және резервтік) байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушілерден (провайдерлерден) бөлінген екі байланыс арнасымен қамтамасыз етуді растай отырып, серверлік үй-жайды жалға беру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмесі; цифрлық майнингтік пулдың аппараттық жүйесінде техникалық қолдау қызметінің болуын және клиенттердің тәулік бойы жұмыс істеуін растайтын хат; цифрлық майнингтік пул аппараттық жүйесінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде пайдаланушы интерфейсінің болуын растайтын хат. аппараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

мемлекеттік сервиспен интеграциялау туралы оң хатының көшірмесі.

2) Портал арқылы цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлік алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

Қазақстан Республикасының өзге елді мекенінде (астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалада, аудандық маңызы бар қалада) орналасқан кемінде бір резервтік аппараттық-бағдарламалық кешеннің болуын растайтын хаттың электрондық көшірмесі;

цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің әрқайсысын (негізгі және резервтік) байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушілерден (провайдерлерден) бөлінген екі байланыс арнасымен қамтамасыз етуді растай отырып, серверлік үй-жайды жалға беру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың электрондық көшірмесі;

ақпараттық жүйеде техникалық қолдау қызметінің цифрлық майнингтік пулдың болуын растайтын хаттың электрондық көшірмесі;

цифрлық майнингтік пул ақпараттық жүйесінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде пайдаланушы интерфейсінің болуын растайтын хаттың электрондық көшірмесі;

ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік сервиспен интеграциялау туралы оң хатының көшірмесі.

3) Кеңсе арқылы цифрлық майнинг пулын аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;


		цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің әрқайсысын (негізгі және резервтік) байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушілерден (провайдерлерден) бөлінген екі байланыс арнасымен қамтамасыз етуді растай отырып, серверлік үй-жайды жалға беру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың электрондық көшірмесі; 3) Портал арқылы цифрлық майнинг пулын аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің әрқайсысын (негізгі және резервтік) байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушілерден (провайдерлерден) бөлінген екі байланыс арнасымен қамтамасыз етуді растай отырып, серверлік үй-жайды жалға беру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың электрондық көшірмесі.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуге негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызмет алушыға қатысты соттың қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар;

		4) көрсетілетін қызмет алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызмет алушы цифрлық майнинг пулын аккредиттеуді алуға байланысты арнайы құқықтан айырылады; 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған кезде портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін сұрау салады. 2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. 3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің moap@mdai.gov.kz . интернет-ресурсында көрсетілген . 4. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері – 1414, 8-800-080-7777.

Цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу қағидаларына

3-қосымша

Нысан



Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы куәлік

Осы куәлік _____ берілді
(цифрлық майнингтік пулдың атауы және заңды мекенжайы көрсетіледі)

_____ (уәкілетті органның атауы көрсетіледі)
Цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу қағидаларына сәйкес _____ аккредиттелген деп танылсын (цифрлық майнингтік пулдың атауы көрсетіледі)

_____ (Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнингтік пулдың аппараттық-бағдарламалық кешенінің (серверінің) орналасқан жері көрсетіледі) Осы цифрлық майнинг пулын аккредиттеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі берілген күннен бастап бір жылды құрайды және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

— (уәкілетті орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ (қолы)

Берілген күні: " __ " _____ 20__ жыл

Цифрлық майнингтік пулдарды
аккредиттеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Ұйымның атауы	 	Ұйымның атауы
Дәлелді бас тарту		
Нөмірі №:		
Берілген күні: Өтініш берушінің атауы		
Көрсетілетін қызметті берушінің атауы, Сіздің цифрлық майнингтік пулды аккредиттеу туралы өтінішіңізді және оған қоса берілген құжаттарды қарап, мынаны хабарлайды.		
Бас тарту себебі		
Қол қоюшы		

лауазымы	(қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
